



БҰЙРЫҚ

2021 14.08

Көкшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 320

город Кокшетау

**Әлеуметтік осал отбасылардан
шыққан балалар үшін
«Цифрлық ұстаз» жобасын
іске асыру туралы**

Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға арналған «Цифрлық ұстаз» жобасы» Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы ҚР Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығының 42 тарауын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Ақмола облысы білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы» КММ-нің директоры Л.С.Құрманғалиева «Цифрлық ұстаз» Жол картасының 3,4,9,10,11,13,14,15,23,24,25,26,27,28 тармақтарын іске асыруға жауапты болып белгіленсін.

2 «Ақмола аймақтық білім берудегі жаңа технологиялар орталығы» КММ-нің директоры Б.А. Қадыров Жол картасының 10, 11, 16, 18, 19,20, 21 тармақтарын іске асыруға жауапты болып, әлеуметтік әмиян арқылы мектептерде ыстық тамақ беру сервисін пайдалану бойынша білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне оқыту жүргізісін.

3.Жоба үйлестірушісі болып білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім бөлімінің бас маманы Б.Ж.Тұткабаева тағайындалсын.

4. Аталған мектептердің білім бөлімдерінің басшылары бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға арналған «Цифрлық ұстаз» жобасын іске асыру мәселелері бойынша ата-аналар, ұстаздар қауымымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізісін.

5.Аталған бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары Б.Б.Дүйсеноваға жүктелсін.

Басшы

А.Балташева



А.Балташева